

ПРЕЗИДЕНТ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНА АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Наурыз мейрамына арналған іс-шараларға қатысып, барша қазақстандықты Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

– Наурыз – жыл басы, халқымыз ежелден тойлаған көктем мерекесі. Бұл – халық асыға күтетін аса ерекше мейрам, қыстың ызғары қайтатын, көктем шуағын төгетін сәт. Табиғат түлеп, тіршілік жаңартатын мезгіл. Еліміз Әз-Наурызды әрдайым ырысты ынтымақтың бастауына балаған. Алыстаған ағайын Ұлыс күні татуласып, қайта қауышқан. Жұрт бір-біріне ақжарма тілектерін айтқан. Көпшілік ортақ дастарханнан дәм татып, қариялар жастарға батасын берген. Бабаларымыз Наурыз тойын жасампаз еңбектің мейрамы санаған. Бұлақтың көзін ашып, ағаш отырғызған. Елге пайдасы тиетін игі істер атқарған. Бір сөзбен айтсақ, Ұлыстың ұлы күні – жаңа өмірдің жаршысы, – деді Президент.

Мемлекет басшысы осыдан бір жыл бұрын тың бастама көтеріп, елімізді түбегейлі жаңғырту үшін ауқымды реформалар ұсынғанын еске салды.

– Халық бұл бастамаларды қолдады. Біз жоспарымызды бір жылда табысты жүзеге асырдық. Референдум арқылы Конституцияға маңызды өзгерістер енгіздік. Бүлік жүйесін қайта жасақтау үшін маңызды саяси шаралар іске асырылды. Кеше ғана өткен Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы – бүкіл реформаларымызды алға бастайтын өте маңызды қадам. Бұл сайлау – ауқымды өзгерістердің жайықты жалғасы. Осылайша, мемлекетіміз лаңсақты дәуірге қадам басты. Жалпы, еліміздің жаңа саяси келбеті қалыптасты. Тарихи сәт Ұлыстың ұлы күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Мұның зор символдық мәні бар. Жаңа Қазақстанның бұйын бейнесі Әз-Наурызбен толық үндеседі, яғни Ұлыстың ұлы күнінде қасиетті Отанымыз мүлде жаңа сипатқа ие болды. Мұны дүние жүзінің көптеген елдері мойындап отыр. Енді саяси жүйесі толық жаңғырған еліміз тың қарқынмен дамиды. Бұл реформалар экономиканың өсуіне, халық табысының артуына жол ашады. Реформаларымыз міндетті түрде жалғасын табады. Біз жан-жақты дамыған қуатты мемлекет боламыз. Бұл – негізгі мақсатымыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы жасампаз халқымыздың келешегі жарқын болатынына сенім білдіретінін айтып, мемлекеттің мүддесі бөрінен биік екеніне назар аударды. Президент ел болашағы ескелең ұрпақтың қолында екенін атап өтіп, отандастарымызды еліміздің дамуына үлес қосуға шақырды.

– «Бірлік түбі – береке» дейді халқымыз. Қоғамда келісім және татулық болса, еліміз көздеген мақсатына жетеді. Біздің мақсатымыз – айқын. Бұл – Әділетті Қазақстанды құру. Осы жолда бәріміз бір ісідей жұмылайық, ардақты ағайын! Был қасиетті Рамазан айы Ұлыстың ұлы күнімен қатар келді. Ораза ұстайтын жамағаттың ниеті қабыл болсын! Әр шаңыраққа

Қыдыр қонып, бақ дарысын! Жаңа жыл құт-береке әкелсін! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы «Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясына қатысты. Акцияның мәні – наурыз айы бойына халықтың әлеуметтік осал топтарына қамқорлық көрсетіп, көпбалалы отбасылардан, мүмкіндігі шектеулі жандардан, зейнеткерлерден келіп түскен хаттарда жазылған өтініш-тілектерді орындау.

Астана Жастар ресурстық орталығының еріктілері Мемлекет басшысынан сандықтан алғашқы хатты алып оқуды сұрады.

Қасым-Жомарт Тоқаев хат иесінің тілегі орындалатынын жеткізіп, осынау игі істі бастаған жастарға ризашылығын білдірді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы «Арғымақ» ат спорты-сауықтыру кешенінде ұйымдастырылған «Жеті Қазына» мәдени-спорт іс шарасына қатысты. Алдымен Президент тазы иттердің көрмесін тамашалады. «Nomad» ұлттық саятшылық қоғамдық қорының төрағасы Болат Құнанбаев тазыны сақтау, өсіру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады.

Мемлекет басшысы тазыны халықаралық деңгейде дәріптеу қажет екенін айтты.

– Құмай тазы – ерекше жануар, қазақтың жеті қазынасының бірі. Біз тазы мен төбет иттерді халықаралық деңгейде көңірек дәріптеуіміз керек. Сыртқы істер министрлігі де міндетті түрде атсалысуға тиіс. Тазыға ерекше күтім, қамқорлық қажет. Бұл маңызды іс кәсібилікті талап етеді. Сол үшін арнайы заң қабылдадық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Nomad Stunts тобының өнерін тамашалады. Каскадерлер аударыспақ, қыз қуу, теңге ілу, садақ ату сияқты ұлттық ойын түрлері мен көшпенділердің әскери шеруін көрсетті.

Nomad Stunts тобының жетекшісі Жайдарбек Күнғожинов Мемлекет басшысына 2020 жылы каскадерлерге берілетін Taurus World Stunt Awards жүлдесін жеңіп алғанын айтты.

Президент қазақтың қайсарлығы мен ұлттық спортшымызды әлемдік кинематографияда дәріптеп жүрген Nomad Stunts тобына сәттілік тілеп, Жайдарбек Күнғожиновке ер-тоқым сыйлады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Шәмші Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған отандық өнер жұлдыздарының концертін тамашалады.

«Қазақстан» орталық концерт залында белгілі әншілер Роза Рымбаева, Майра Мұхамедқызы, Мейрамбек Беспәев, Рухия Байдүкенова, Әлішер Кәрімов, Қанат және Светлана Айтбаевтар, сондай-ақ Астана қаласының эстрадалық-симфониялық оркестрі, Жас көрермен музыкалық театрының солистері және басқа да өнерпаздар ән шырқады. Концертке композитордың жұбайы Жәмилә Қалдаяқова да құрметті қонақ ретінде қатысып, ұлы Мұхтар мен немересі Айсұлу Қалдаяқовтар өнер көрсетті.

akorda.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Ардақты ағайын!

Сіздерді қасиетті Рамазан айының басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – күллі мұсылман қауымы үшін мән-маңызы айрықша мезгіл.

Адамзатты рухани тазаруға және жан-жақты кемелденуге бастайтын осы айда төзімділік, жанашырлық, имандылық сияқты құндылықтар кеңінен дәріптеледі.

Ата-бабамыз Рамазанды «он екі айдың сұлтаны» деп ардақтаған. Ораза ұстаған жамағатқа ауызашар беріп, бір-біріне ерекше құрмет көрсеткен.

Салт-дәстүрімізбен сабақтас асыл дініміз ғасырлар бойы Ұлы далада елдің бірлігін және қоғамның тыныштығын сақтау жолында маңызды рөл атқарып келеді.

Мейірімділік айында халқымыз игі істерін еселеп, сауапқа кенеле берсін!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Ораза қабыл болсын!

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ



Көктемнің жарқын мерекесі Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамы. Жыл өткен сайын Наурыз мейрамы елімізді мекендеген бүкіл халықтың, ұлт пен ұлыстың сағынып күтетін ортақ мерекесіне айналып, жаңа мазмұнмен, жарасымды сән-салтанатымен түрлене түсуде.

урыз мерекесі жадыраған жазды қарсы алар көктемнің басы болғандықтан, оны қазақтар «Самарқанның көк тасы жібіген күн» деп те атайды. Бұл бүкіл табиғат ананың тоңы жібіп, жаны кіретін тіршілік басы дегенді білдіреді.

Бүгін Ескелді ауданында Наурыз мерекесі кеңінен тойлана бастады



Күн мен түннің теңеліп, жан-дүниені тірілген, шаруаның бір малы екеу болып, арқа-басы кеніп, аққа аузы тиген, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендірген Наурыз мерекесі Тәуелсіз еліміздің зор ықыласпен тойланатын нағыз халықтық сипаттағы салтанатына айналды.

Наурыз мейрамы аясында міндетті түрде атқарылатын рәсімдер баршылық. Мәселен, наурыз көже дайындалады, апарларымыз қысқы соғымның ебден сүрленген қадірлі мүшелерін осы күні қазанға салады. Соғымға сойылған малдың басы

Мереке барысында концерттік бағдарлама, ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар (қошқар көтеру, тоғызқұмалақ, асық ату, арқан тарту, қол күрес) ойындары болды

Сонымен қатар, ұлттық көрмелер, «Қарабұлақ бауырсақ», Ескелді наурыз-көже « фестивалі ұйымдастырылып аудан тұрғындарына арналған (тегін) дәмі тіл үйірер наурыз көже мен палау, ұлттық тағамдар ұсынылды.

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын ағайын!

ЖШ Акпарат



ТАЛДЫҚОРҒАНДА ҰЛЫ АБАЙДЫҢ ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛДЫ



Бүгін Ұлыстың Ұлы күнінде Талдықорған қаласында Ұлы Абайдың ескерткіші ашылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Ақынның мүсіні Талдықорғандағы Бикен Римова атындағы драма театрының алдына қойылды. Салтанатты шараға облыс әкімі Бейбіт Исабаев, Парламент Сенатының бірқатар депутаттары, Абай облысынан арнайы өкілдер, сол қатарда Құнанбай қажының тікелей ұрпағы Хусман Верлишев, сол сияқты өнер майталмандары, өңірдегі ардагерлер, зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары қатысты.

Ескерткіштің ашылу салтанатының шымалдылығы Мұхтар Әуезовтің «Абай» қойылымының үзіндісімен ашылды. Қойылымда Б.Римова атындағы драма театрының әрстерімен бірге басты рөлде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі актер Болат Әбділманов өнер көрсетті.

Ескерткіш ресми түрде ашылып, алдына гүл шоқтары қойылды.

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев жетісулықтарды айтулы тарихи жаңалықпен құттықтап, Абай ескерткіші ашылуының Наурыз мерекесімен тұспа-тұс келуінде үлкен символдық мән бар екенін атап өтті. Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев

облысқа келген сапарында Жетісу жерінде Абай ескерткішін орнатудың орындылығына назар аударып, осы іске қозғау жасағанын еске салды.

- Қалалық қоғамдық кеңестің шешімімен ескерткіштің Бикен Римова атындағы драма театрының алдына қойылуы өнер ордасының рухын одан сайын биіктете түсті. Абайдың сөзімен айтсақ, «Мал жұтайды, өнер жұтамайды». Бұл - руханияттың ғұмыры мәңгілік екенінің айқын айғағы. Осы иелі шараның Наурыз мерекесімен тұспа-тұс келуінде үлкен мән бар. Наурыз тіршіліктің нәрі, барша иіліктің қайнар көзі болса, Абай - қазақ халқына рухани серпіліс әкеліп, ұлттық сананың жаңғыруына жол-басшы болды. Сондықтан осы екі қастерлі құндылығымыздың бірібірімен астасуы, қуаныштардың қатар келуі заңды, - деді Б.Исабаев.

Облыс әкімі қоғамның қайтабырын болсын өз шығармашылығында кеңінен қамтыған қайраткер ақынның өлеңдері мен қара сөздерінің маңызы әлі күнге өзекті екенін тілге тиек етті.

- Халықтың мүддесінен, көптің мақсат-мұратынан туындаған сол тақырыптар әлі күнге өзектілігін жойған жоқ. Қайта ондағы адамгершілік құндылықтар, мораль философиясы, толық адам ілімі жыл өткен сайын жаңғырып, заман озған сайын жаңа қырлары ашыла

түсуде. Қазақстанның жаңа дәуірін жасап, әділетті қоғам құру барысында біз тағы да Абайға жүгінеміз. Ақын айтқан ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек әрқайсымызға аса қажет екенін ұғынамыз. Осы үш асыл қасиеттің адамды алға жетелейтінін, ақиқатқа бастайтынын түсінеміз. Абай қазақпен бірге жасайды. Оның шығармалары бүгінгі қоғамға ғана емес, келешек ұрпаққа да рухани нәр беріп, терең тағылымын танытатыны анық, - деді Бейбіт Исабаев.

Ол ескерткіштің идеясын ұсынған авторлардың бірі, белгілі сәулетші марқұм Ақмырза Рүстембековті терең ризашылықпен еске алып, шараға арнайы қатысып отырған мүсінші Мейірлан Әзмағанбетовке көпшіліктің атынан алғысын білдірді.

Мұнан соң Парламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп жетісулықтарға ізгі тілегін арнап, ескерткіштің ашылуымен құттықтады:

- Бүгін Жетісудың төрінде үлкен тарихи оқиғаға куә болып отырмыз. Абай «Біріді қазақ бірін дос көрмесең, істің бәрі бос», - деп бекер айтқан жоқ. Бұл сөз осы 21-ғасырдың иығында тұрған біздің әрқайсымыздың санамызда жатталып тұруы керек. Абайдың жолы - әділеттің жолы, арнамыстың жолы, ақиқаттың жолы, қанағаттың жолы, береке-бірліктің жолы. Абайдың жолынан айнымай, Абайдың аманатына адал болайық, - деді Н.Жүсіп өз сөзінде.

Құнанбай қажының ұрпағы Хусман Верлишев Абай облысы әкімінің және ақынның туған өлкесінің ыстық сәлемін жеткізіп, батасын берді. Бұдан әрі мереке Абай әндерімен жалғасты.

Жалпы ескерткіштің тұғыры гранит пен мрамордан дайындалған, мүсіні қоладан құйылған. Тұғыры 5,3 м, мүсіні - 3,6 м. Ескерткіштің сәулетшісі - Қазақстан Республикасының құрметті құрылысшысы, ұзақ жыл Сәулетшілер одағын басқарған сәулетші Ақмырза Рүстембеков. Мүсіншісі - Мейірлан Әзмағанбетов. Ол бұған дейін Талдықорғандағы Сүйінбай Аронұлының, Ғали Ормановтың, Нұрғиса Тілендиевтің ескерткіштерін, «Аялы алақан» композициясын жасаған.

ТАЛДЫҚОРҒАНДА НАУРЫЗ КҮНІ МЫҢҒА ЖУЫҚ АҒАШ ОТЫРҒЫЗЫЛЫП, МЫҢ ЖАРЫМ ЛИТР НАУРЫЗ КӨЖЕ ТАРАТЫЛДЫ



Ұлыстың Ұлы күнінде Талдықорғанда мыңға жуық қылқан жапырақты ағаш отырғызылды. Мерекеге келген қалалықтар мен қала қонақтарына мың жарым литр наурыз көже мен алты жүз кг палау, жарты тонна бауырсақ таратылды. Осы күні қазақша күрестен «Талдықорған барысы» өткізіліп, жүлде қорына 1 млн. теңге берілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Талдықорғандағы «Наурыз – берекем, Наурыз – мерекем» атты рәсімде күн бұлақтың көзін ашу рәсімі басталды. Жалпыреспубликалық «Таза табиғат» акциясының аясында «Жеңіс» саябағына мереке қонақтары, ақсақалдар мен зиялы қауым, «Жасыл ел» штабының өкілдері мен қала белсенділері жалпы саны мыңға жуық ағаш отырғызды. Ал биылғы жылы облыста жалпы саны 93 мыңнан астам ағаш отырғызылады деп жоспарланып отыр.

Наурыз күнінің басты оқиғасы - Б.Римова атындағы драма театрының алаңында Ұлы Абайдың ескерткіші ашылып, көпшілік Жетісу өңірінің рухани өміріндегі ерекше жаңалыққа куә болды.

«Жастар» саябағында орнатылған «Наурыз ауылында» қазақ халқының салт-дәстүрлері көрініп тауып, тұсау кесу рәсімі, беташар т.б. ғұрыптар көпшіліктің назарына ұсынылды.

Осы күні саябаққа келген жетісулықтарға бауырсақ, Наурыз көже, палау таратылып, қайырымдылық пен бауырмалдық паш етілді. «Шеберлер ауылында» ұлттық қолөнер бұйымдарының көрмесі, «Достық ауылында» этно мәдени орталықтардың ұлттық тағамдары мен мерекелік концертті ұйымдастырылды. Сол сияқты кәсіби және әуесқой спортшылар қол күрес, арқан тартыс, тоғызқұмалақ, түйе палуан т.б. түрлі ұлттық спорт ойындарының көрігін қыздырды. Қазақша күрестен «Талдықорған барысы» додасы өтіп, 1 орынды иеленген Руслан Абдразақовқа 500 мың теңге, 2-ші орын алған Жаныбек Дүйсембаев 300 мың теңге және 3-ші орынға ие болған Елдар Мұқанға 200 мың теңге жүлде берілді.

Қаладағы мейрамханалар Наурыз алаңында қазақтың ұлттық тағамдарының түр-түрін жасап, ұсынды. Жастарға арналған фестивальдар да мерекенің шырайын кіргізді. Саябақ сахнасында облыстағы би ұжымдары халыққа салт-дәстүрге байланысты түрлі музыкалық-хореографиялық би көріністерін қойды.

Мерекеге жиналған қауымды облыс әкімі Бейбіт Исабаев

құттықтады. Ол өз сөзінде Ұлы мерекесі халықты біріктіретін, қоғамды ұйыстыратын ұлы құндылық екенін тілге тиек етті. Ұлы күніндегі бұлақтың көзін ашу, тал өту, аула тазалау секілді қоршаған ортаға қамқорлық таныту игі үрдісінің қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға зор ықпал ететін баса айтты. Осы орайда жетісулық жастардың бірқатар экологиялық бастамаларын, еріктілердің табиғатты қорғаудағы белсенділігін атап өткен облыс басшысы:

- Әрқайсымыз ауланың иші ғана емес, сырты да, көше де, қала да, дала да өзіміздікі екенін, оған өз үйімізге қарағандай қамқорлықпен, жауапкершілікпен қарау керектігін айқын сезінуіміз қажет. Тазару ең алдымен ішкі дүниемізден басталады. «Айналаңды өзгертемін десең, бірінші өзің өзгер», - деген тәмсілдің мәні осында жатыр. Адамды жаңаруға, бойын да, ойын да, ниетін де таза ұстауға талпындыру - бұл Наурыздың ұлы философиясы. Мерекенің осы терең тағылымы бүгінгі жаңа Қазақстанды құрудың асыл мұраттарымен, айқын мақсаттарымен астасып жатыр, - деді.

Наурыздың қайырымдылықты, өзара құрмет пен тілектестікті паш ететін үлгілі үрдісінің бүгінде Жетісу жерінде үзілмей жалғасып келе жатқанына тоқталды.

«Қашанда қайырымдылықтың үлкен-кішісі болмайды. Үлкенге қолқабыс ету, кішіге жәрдемші болу, бір-біріне жанашырлық жасау, жаның жылуын, жүректің мейірімін таныту - жомарттықтың белгісі. Осындай ізгі ниеттегі әрбір адамды қоғамды алға сүйреуші, қозғаушы күш деп білеміз. Береке-бірлігімізді еселеп, қоғам күтіп отырған жаңа, иелі өзгерістерге бірге жетейік. Наурыз әр шаңыраққа молшылық пен құт әкелсін, қызыр дарып, бақ қонсын! Отбасыларыңызға амандық, бақыт тілеймін. Еліміздің мерейі әрдайым үстем болсын», - деді Бейбіт Исабаев.

Мұнан әрі сахнаны Қазақстан эстрадасының өкілдері, облыстағы өнер ұжымдары ән мен күйге бөледі.

Ұлыс мерекесін Талдықорғаннан бөлек өңірдің аудан-қалаларында да кеңінен атап өтілуде. Мәселен, Көксу ауданында аламан бөйге, көкпар, қазақша күрес сияқты іргелі ұлттық ойындар ұйымдастырылып, бұл додаларға меценаттар 10 млн. теңге бөйге тігіп отыр. Сарқан қаласының орталық алаңында 200 метрлік дастархан жайылып, келіндер арасында байқаулар өткізіледі. Жалпы өңірдің әр қиырында Наурыз күні жүзге жуық ақшаңқан киіз үйлер тігілді.

В ПРАЗДНИК НАУРЫЗ В ЖЕТИСУ ВЫБРАЛИ ЛУЧШОЮ КЕЛИНКУ

В области Жетысу в дни празднования Наурыза выбрали идеальную невестку. Келинку продемонстрировали свои творческие способности, кулинарные навыки и знание национальных традиций.

В конкурсе приняли участие десять девушек. Им предстояло пройти 5 этапов. В первом туре келинки рассказывали о себе, своей родословной и обычаях своего народа. Второй тур – творческий. В нем невестки демонстрировали свой артистизм, умение держаться на сцене, музыкальные способности. Показали и свое кулинарное мастерство, презентовав жюри любимые блюда их супругов. В рамках этапа «вопрос-ответ» конкурсантки проявили знания национальных казахских традиций и обычаев. В завершение конкурса невесток проверили на знание особенностей угощения гостей, в частности правил подачи частей мяса уважаемым людям, молодежи и другим родственникам. В финальную часть конкурса прошли 6 участниц.

Как отмечают в акимате Сарканского района, основной целью конкурса стала пропаганда семейных ценностей и возрождение национальных традиций.

- Мы, как организаторы конкурса, хотим, чтобы поколение молодых девушек видело, какой должна быть правильная, традиционная, но в тоже время современная келинка. И такие в Сарканском районе конечно же есть. Идеал современной снохи – это в первую очередь хранительница семейного очага, которая развивается и в профессии. При этом особенно важно, чтобы современные невестки знали и бережно хранили национальные традиции и ценности, не



теряли связь поколений. Наши келинки многогранны, мы хотим развивать это качество, чтобы семьи укреплялись, а молодые были счастливы, - отмечают в отделе внутренней политики, культуры, развития языков и спорта Сарканского района.

По итогам конкурса участницы завоевали титулы в номинациях «Super келин», «Ибалы келин», «Парасатты келин», «Өнерлі келин», «Керікті келин».

Лучшей келинкой Сарканского района была признана жительница с.Лепсы Арай Амиртай. Первое место завоевала Жансая Калимолда из с.Бакалы. Второе место досталось Айгерим Елубай из г.Сарқан, а третье разделили Айгерим Кужисбаева из с.Черкасск и Карлыга Касымбай из с.Шатырбай. Каждой были вру-

чены специальные дипломы и памятные призы.

Победительниц поздравил аким района Галымжан Маманбаев.

А в Кербулакском районе меценаты вручили многодетной матери ключи от четырехкомнатного жилого дома. Жилье в с.Сарыозек было приобретено при поддержке директора ТОО «Спецстрой групп Лтд» Адилбека Ертаева. Поблагодарив за поддержку, мать пятерых детей Дарынгуль Бакеева поздравила земляков с праздником Наурыз, который для ее семьи совпал с большим новосельем. С двойным радостным событием семью поздравил аким района Канат Есболатов.

Пресс-служба акима области Жетысу

2023 ЖЫЛҒЫ 19 НАУРЫЗДА ӨТКЕН ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАР

2023 жылғы 19 наурызда Ескелді аудандық мәслихатының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын депутаттарының сайлауы болып өтті.

Сайлаушылардың тізімдеріне 34 340 азамат енгізілді. Дауыс беруге 23 597 сайлаушы қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны - 40.

Оның ішінде төмендегі тізімдегі кандидаттар Ескелді аудандық мәслихатының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайлауда басым дауысқа ие болды:

округ №	Аты-жөні, тегі	Туған жылы	Жұмыс орны	Тұратын жері
№ 1	Иманғалиев Төлеген Әділбекұлы	1966	«Иманғалиев» шаруа қожалығының басшысы	Қарабұлақ ауылы
№ 2	Чукенов Серік Булатбекұлы	1975	«ЧукеновС.» шаруа қожалығының басшысы	Теректі ауылы
№ 3	Сатанов Қанат Нүсіпжанұлы	1964	Ескелді аудандық маслихат хатшысы	Жетісу ауылы
№ 4	Баяхан Айдын Ықыласұлы	1985	«AMANAT» партиясы Ескелді аудандық филиалының төрағасы	Қарабұлақ ауылы
№ 5	Дюсенбинов Айдын Қасымұлы	1975	«Дюсенбинов» шаруа қожалығының басшысы	Бақтыбай ауылы
№ 6	Тортаева Үміт Бақтыбекқызы	1964	«С. Сейфуллин атындағы орта мектебі» КММ, мұғалім	Бақтыбай ауылы
№ 7	Құрманғалиев Айдын Талғатұлы	1992	«Қоңыр ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, әдіскер	Қоңыр ауылы
№ 8	Құсмолданова Сәуле Рыспекқызы	1969	«Ескелді аудандық орталық ауруханасы» МКК, меңгеруші	Ешкіөлмес ауылы
№ 9	Нұғманов Ерғали Байоразұлы	1968	«Нугманов Ерғали Байоразович» шаруа қожалығының басшысы	Бақтыбай ауылы
№ 10	Мейрбекова Раушан Блисбекқызы	1964	«М. Маметова атындағы орта мектебі» КММ, директор	Шымыр ауылы
№ 11	Хильниченко Александр Викторович	1980	«Хильниченко и К» командиттік серіктестігі, басқарма басшысының орынбасары	Қарабұлақ ауылы
№ 12	Оразақынов Серікболсын Оразбайұлы	1993	«Алатау Агро» ауылшаруашылық өндірістік кооператив төрағасы	Бақтыбай ауылы
№ 13	Бимуратов Айхан Ертылеуұлы	1976	«Бимуратов» шаруа қожалығының басшысы	Жалғызғаш ауылы

Ескелді аудандық сайлау комиссиясы

СООБЩЕНИЕ

ОБ ИТОГАХ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА, СОСТОЯВШИХСЯ 19 МАРТА 2023 ГОДА

19 марта 2023 года состоялись выборы депутатов Ескельдинского районного маслихата, избираемых по одномандатным территориальным избирательным округам.

В списки избирателей включены 34 340 граждан. В голосовании приняли участие - 23 597 избирателей.

Общее число кандидатов - 40.

Установлены следующие итоги выборов депутатов Ескельдинского районного маслихата по одномандатным территориальным избирательным округам:

№ округов	Ф.И.О.	Год рождения	Место работы	Место проживания
№ 1	Иманғалиев Төлеген Адильбекович	1966	глава к/х «Иманғалиев»	село Карабулак
№ 2	Чукенов Серик Булатбекович	1975	глава к/х «ЧукеновС.»	село Теректы
№ 3	Сатанов Канат Нусипжанович	1964	секретарь Ескельдинского районного маслихата	село Жетысу
№ 4	Баяхан Айдын Ықыласович	1985	председатель филиала политической партии «AMANAT» по Ескельдинскому району	село Карабулак
№ 5	Дюсенбинов Айдын Касымович	1975	глава К/Х «Дюсенбинов»	село Бактыбай
№ 6	Тортаева Умит Бактыбековна	1964	КГУ «СШ имени С. Сейфуллина», учитель	село Бактыбай
№ 7	Курманғалиев Айдын Талгатович	1992	ГУ «Аппарат акима Коньырского сельского округа», методист	село Коньыр
№ 8	Кусмолданова Сауле Рыспековна	1969	ГКП на ПХВ «Ескельдинская ЦРБ» заведующая	село Ешкиольмес
№ 9	Нугманов Ерғали Байоразович	1968	глава КХ «Нугманов Ерғали Байоразович»	село Баисова
№ 10	Мейрбекова Раушан Блисбековна	1964	КГУ «СШ имени М.Маметовой», директор	село Шымыр
№ 11	Хильниченко Александр Викторович	1980	КТ «Хильниченко и К», заместитель председателя правления	село Карабулак
№ 12	Оразақынов Серикболсын Оразбаевич	1993	директор СПК «Алатау Агро»	село Жалғызғаш
№ 13	Бимуратов Айхан Ертылеуұлы	1976	глава к/х «Бимуратов»	село Жалғызғаш

Ескельдинская районная избирательная комиссия

ДЕНЬ МАТЕРИ И ДЕНЬ ОТЦОВ БУДУТ ОТМЕЧАТЬ В КАЗАХСТАНЕ

В постановление правительства о праздничных датах планируют внести изменения, сообщает ЖШ Ақпарат со ссылкой на Kapital.kz.

Комитет по делам молодежи и семьи планирует внести изменение в постановление правительства об утверждении перечня праздничных дат в Казахстане. Документ об этом вынесен на обсуждение на портале «Открытые НПА» до 5 апреля 2023 года, со-

общает корреспондент центра деловой информации Kapital.kz.

Национальный день печати появится в Казахстане

«В соответствии со статьей 4 Закона «О праздниках в Республике Казахстан» правительство постановляет перечень праздничных дат изложить в следующей редакции:

— День матери — второе воскресенье

мая;

— День отцов — третье воскресенье июня», — указывается в проекте постановления.

Проект разработан для продвижения семейных ценностей и укрепления института семьи в Казахстане, указывается в пояснительной записке.

«По предварительному согласованию со структурами ООН (ЮНФПА, ЮНЕСКО),

центральный и местными государственными органами, советом матерей при Ассамблеи народа Казахстана (АНК) и республиканским общественным объединением «Союз отцов» на VII республиканском форуме отцов «Отбасы — Ұлт тірегі», прошедшем 14 декабря 2022 года, рекомендуется отмечать масштабно «День матери» во второе воскресенье мая и «День отцов» в третье воскресенье июня в соответствии

с международными датами празднования», — поясняется в обосновании к документу.

С полным текстом проекта постановления «О внесении изменений и дополнения в постановление Правительства Республики Казахстан от 31 октября 2017 года № 689 «Об утверждении перечня праздничных дат в Республике Казахстан» можно ознакомиться по ссылке: <https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14455536>

ҚҰТТЫ БОЛСЫН - ӨЗ НАУРЫЗ!

Жалғызғаш ауылдық округінде Ұлыстың Ұлы күнгі 22 –наурыз мейрамы қарсаңында ауыл тұрғындары өздерінің ауласын тазалады, мекеме қызметкерлері, әкімшілік, мектеп, ФАП, мәдениет қызметкерлері мекеме төңірегіне сенбілік жұмыстарын жүргізді, ауылдың ортасында орналасқан мешіт маңын да ауыл тұрғындарының бірлесуімен тазаланып жолдары жөнделді.

Ұлыстың Ұлы күні наурыз мейрамына орай «Құтты болсын –Өз Наурыз!» атты наурыз мерекесі тойланды, мерекелік шараға ауыл тұрғындары



дайындаған мерекелік концертті өткізілді, Шараға ауылдық ақсақалдар алқа мүшелері, ауылдың белсенді жастары, мектептің дене шынықтыру пәнінің ұстаздары, спорт әдіскері, жастар ісі жөніндегі нұсқаушысының бірлесуімен ерлерге арналған «қол күрес, арқан тартыс, гир көтеру, күш сынасудан қошқар» көтеру ойындары ұйымдастырылды, ауылдың қыз-келіншектеріне арналған жүгіруден, арқан тартыс, серкеш көтеруден қыз-келіншектер арасында жарыс тағы да қызықты спорттық ойындар өткізілді. Бас жүлде ерлер арасында түйе палуанға бұқа, қыз-келіншектер арасында жүгіруге тайынша тігілді. Соңынан жеңімпаздарға жүлделері берілді. Ауылдың үлкен хатымханасына Ақ дастархан жайылып ауылдың үлкен қариялары ақ батасын беріп наурыз көжеден келген барша қонақтар, ауылдастар дәм татып ауыз тиді. Мереке тау бөктерінде жалғасын тауып бөктерде қазақтың ұлттық ойындары «Аламан бәйге, Құнан бәйге, Тай бәйге, Дәстүрлі көкпар, қыз қуу, теңге ілу» сияқты ұлттық ойындармен жалғасын тапты, мереке соңында

те орналасқан «Жадыра» шағын балабақшасының тәрбиешілері Ж. Шаяхметова және Ж. Қасенованың ұйымдастыруымен бүлдіршіндерінің қатысуымен Ұлыстың Ұлы күні наурыз мерекесіне арналған «Қош келдің –Наурыз!» атты ертеңгілік өткізілді, шарада ұлттық салт –дәстүр бойынша «Тұсау кесу» рәсімі, асық ату, арқан тартыс ойыны өткізіліп, балақайлар ән салып би билеп өз өнерлерін көрсетті, соңынан наурыз көже дайындалып ақ дастархан жайылды, наурыз көжеден қонақтар дәм татып алғысын білдіріп ақ тілектерін айтты.

Сонымен қатар мектеп қабырғасында Ұлыстың Ұлы күнгі наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктер сыныптар арасында сынып жетекшілерінің және педагог ұйымдастырушы, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының бірлесуімен «Армысың - Өз – Наурыз» атты мерекелік іс-шаралар өткізілді. Мерекеге ұстаздар, оқушылар ата-аналар қатысты, шарада оқушылар ұлттық-салт –дәстүр бойынша көрініс қойып, мерекеге сай ән айтып, жыр –шумақтарын оқып би биледі. Әр сыныпта наурыз мейрамына арналған ақ дастархан жайылып, мерекеге келген қонақтар наурыз көжеден ауыз тиіп баталарын берді. Мерекеге келушілер ұйымдастырушы ұстаздарға алғысын айтып наурыз мейрамына жылы лебіздерін білдіріп, Ұлы мейрам на-

белсене қатысып өз үлестерін қосты. Наурыз мейрамы «Батаменен ел көгерер-жаңбырменен жер көгерер»-демекші ауылдың аталарының ақ батасымен басталды, ауыл әкімі м.а. Д.Сапарғалиев

жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар марапаттаулар, алғыс хаттар берілді. Дәстүрлі көкпарда жеңіске жеткен ауылға жүз мың теңге ақшалай сыйлық берілді. Сол сияқты ауылдық орта мектеп-



ауыл тұрғындарын келген қонақтарды мейрамымен құттықтап ақ тілегін білдірді, көпшілікке шашу шашылып, ауыл өнерпаздарының қатысуымен, мәдениет қызметкерлерінің

урыз мерекесімен құттықтап елімізге береке, жақсылықтар тіледі.

Салтанат УСКЕНБАЕВА, Жалғызғаш ауылдық клуб әдіскері



ОРАЗА ЖАЙЛЫ 30 ХАДИС



1. «Ораза мен Құран қиямет күні құлға шапағат етеді» (Ахмед б.Ханбәл, Мүснәд, II, 174).
2. «Ораза – сабырдың жартысы» (Термези, Дәуәт, 86).
3. «Ауыз ашарды асығып, сәресіні кешіктіріп істендер» (Табәрани, Мұғжәмүл-Кәбир, 25, 163).
4. «Рамазан айы кіргенде жәннат есіктері ашылады. Жәннанам есіктері жабылады. Шайтандар да шынжырмен байланып қамалады» (Бұхари; Мүслим).
5. «Аса Құдіретті және Ұлы Алла: Адам баласының әр амалы өзі үшін. Ал, ораза ондай емес! (Өйткені мен жемеймін, ішпеймін және бүкіл адамдық сипаттардан пәкпін). Сондықтан оразаның сауабын ерекше түрде көп қылып мен беремін», – дейді (Құдс хадис. Бұхари, Саум, 2, 9; Мүслим, Сьям, 30.).
6. «Егер адам шынайы иманмен және сауабына жету мақсатымен Рамазан оразасын ұстап, тарауих намазын оқыса, шешесінен туған күндегідей күнәсіз болады» (Ахмед бин Ханбәл; Нәсеи).
7. «Мүмин өлгенде намаз бас жағында, садақа оң жағында, ал ораза сол жағында болады» (Зәкәрия Қандәһлеуи, Фәдәилу Ағмәл, 267-263).
8. «Кімде-кім ораза ұстаған біреуге ауыз аштырса ораза ұстаған кісінің сауабы кемітілмей, оның сауабын алады» (Термези).
9. «Ораза ұстандар, (денелік және рухани) денсаулықтарың жақсы болады» (Табәрани, Әбу Нұайм, Әбу Нұрайрадан риуаят еткен).
10. «Ораза ұстау тек ішіп-жеу мен сондай нәрселерден бас тарту емес. Кәміл және сауабы бар ораза пайдасыз сөзден, уақытты босқа өткізуден, өсек-аян айтудан және нәпсі әмбараның (нәпсі дәрежесінің ең төменгісі, тек жамандықты қалайтын нәпсі) бүкіл бейімділіктерінен аулақ болғанда ғана болады. Егер біреуден сөгіс естісең немесе саған надандықпен бір әрекет жасалса өзіңе-өзің: «Сөзсіз, мен оразамын!» деп сабыр ет!» (Хаким; Бәйхақи).
11. «Ораза ұстаған кісіге екі қуаныш бар: 1. Ауыз ашқанда қуанады. 2. Раббысына қауышқанда оразасының берекетімен жеткен ұлы дәрежесін көргенде қуанады» (Бұхари, Саум, 9).
12. «Кімде-кім ораза ұстаған күйінде қайтыс болса, Жәннатқа кіреді» (Әл-Баззар. «Сахих әл-жәми» 6224).
13. «Кімде-кім рамазан айында Алланың сый-сауабына деген иманмен және үмітпен ораза ұстаса, оның бұрынғы күнәлары кешіріледі» (әл-Бұхари 38, Мүслим 760).
14. «Барша ораза тұтқанда ораза тұтқындар және барша ауыз ашқанда ауыз ашындар, әрі құрбан шалу-ды да барша орындайтын кезде орындандар» (Әт-Тирмизи 697, Ибн Мәжаһ 1660).
15. «Көзбояушылықпен (рия жасап) ораза ұстаған адам ширк (көпқұдайшылық) жасады» (Ахмад 4/126 Хадис хасан)
16. «Ұмытшақтықпен жеп не ішіп қойған адамның оразасы бұзылмайды, өйткені, расында, оны тамақтандырып, сусындатқан – Алла» (Әл- Бұхари 1933, Мүслим 2/171).
17. «Егер құсық еріксіз шыққан болса, онда оразаны өтеу міндетті емес. Ал егер ол әдейі шығарылса, онда

- оразаның қазасын өтеу керек» (Ахмад 2/498, Әбу Дауд 2380).
18. «Таң атпастан бұрын тамақтанындар, өйткені сунурда (сәресінде) береке бар!» (әл-Бұхари 1923, Мүслим 1095).
19. «Адамдар ауызашарларына асыққандарынша дін ашық (айқын) болады, өйткені яһудилер мен христиандар оны кейінге қалдырады (кешіктіреді)» (Әбу Дауд, ән-Нәсаи, әл-Хаким. Хадис хасан. Қараңыз: «Сахих әл-жәми» 7689).
20. «Сендерден біреу ауыз ашатын болса, құрмамен ауызын ашсын, ал егер ол құрма таппаса, ораза сумен ифтар жасасын, өйткені, расында, ол тазартады» (Әбу Дауд 2355, әт-Тирмизи 658, Ибн Мәжаһ 1699.)
21. «Рамазан айының түндерін Алланың сыйына иман келтіріп және үміт етіп, намаз оқумен өткізген адамның бұрынғы күнәлары кешіріледі» (әл-Бұхари 37, Мүслим 759)
22. «Алла өтірік айтуын және өтірікке сәйкес амал етуін тоқтатпаған адамның жеп-ішуін қойғанына мұқтаж емес» (әл-Бұхари 1903).
23. «Ораза – бұл жай ғана ішіп-жеуден тыйылу емес. Ақиқатында, ораза – бос сөздер мен жаман сөздерден тыйылу!» (Ибн Хузайма, Ибн Хиббан, әл-Хаким. Хадис сахих. Қараңыз: «Сахих әт-тарғиб» 1082).
24. «Шын мәнінде, ораза – бұл аманат (сеніп тапсырылған нәрсе). Ендеше, әркім оған сеніп тапсырылған нәрсені сақтасын!» (Әл-Харайти «Мәкәрімүл-ахләқ». Хафиз әл-Ирақи хадистің иснадын хасан деген. Қараңыз: «Тахриж әл-Ихья» 1/354).
25. «Ораза тұтушының ауызынан шығатын иіс Алла үшін мисктің (әтірдің) хош иісінен де жағымдырақ!» (Мүслим).
26. «Расында, ораза ұстаушының ауызашар алдында жасаған дұғасы қайтарылмайды» (Ибн Мәжаһ 1753, әл-Хаким 1/422. Хафиз Ибн Хәжар, әл-Бусайри және Ахмад Шакир хадистің сенімділігін растаған)
27. «Шөл басылды, тамырлар нәрге толды, Алла қаласа, сауап та бізді күтіп тұр» (Әбу Дауд 2357, әл-Бәйһақи 4/239).
28. «Расында, Жәннәтта «Әр-Райяан» деп аталатын қақпа бар. Қиямет күні одан ораза ұстағандар кіреді. «Ораза ұстағандар қайда?», - делінеді. Олар орындарынан тұрады. Олардан басқа ол қақпа арқылы ешкім кірмейді. Олар кіріп болған соң ол қақпа жабылады да, одан кейін ол арқылы ешкім кірмейді» (Бұхари, Мүслим).
29. «Біздің орамамыз бен кітап иелері оразасының арасындағы айырмашылық – сәресі ішу», - деген (Мүслим).
30. Умму Умара әл-Ансария (оған Алла разы болсын) былай деді: «Бірде маған Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) кіргенде, оған ас ұсындым. Ол кісі: «Сен де ал (же)», - деді. Мен: «Орамамын», - дедім. Сонда Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Расында, періштелер ораза ұстаушының үйінде басқалар тамақ жегенде, олар тамақ жеп болғанша немесе тойынғанша ораза ұстаушыға игілік тілейді» (Тирмизи)

АРМЫСЫҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!



13-17.03 күндері №12 ППТК мекемесіздің аясында «Наурыз-отбасылық мейрам» атты апталық жоспарға сәйкес іс-шара өтті. Алға қойған мақсатымыз: Әрбір баланың бойына қазақтың ұлттық киімін насихаттау арқылы Отанға, Ұлтқа деген патриоттық сезімін оятып, Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесі туралы түсінігін қалыптастыру.

Жоспарға сай «Ұлттық стиль» акциясына ата-аналар белсене қатысып, балалармен бірлесіп ұлттық киімдерімен киінді. Арыстандай айбатты ұлдарымыз ұлттық киімде батырлардың сауыты мен

оюлармен ойылып тігілген киімдерін киіп келді. Ал, ару қыздарымыз болса мың бұралып, там шыбықтай билейтін әсем көйлектерін киіп сәнденді. Салт-дәстүрге байланысты көрме ұйымдастырылып, көрмеге арнайы түскііз ілініп, оның ерекшелігімен балалар танысты. Түскііздің шеті түрлі-түсті жіппен өрнектеліп кестеленген бір түсті матамен көмкеріледі. Ортасында үйлесімді мата салып киізбен астарлайды. Әр бөледен сақтасын деген ырыммен түскііздің сол жағына биікке үкінің қауырсыны ілінді. Әр үйдің іргесін ұстап тұрған ер азаматтың сауыты және үйдің берекесін сақтайтын салиқалы ана

екенін білдіретіндей камзол ілінді. Салт-дәстүр бойынша басы құралсын деп, - құрақ көрпелер төрге жиналды. Жақсылықтың нышаны деп, төріне төр көрпені салып, қазақ халқы қонақжайлы екенін білдіретін домалақ үстелдің бетіне ақ дастарқан жайылып, ұлттық тағамдарды тартуға арнайы астаулар алынды. Әу, демейтін қазақ жоқ демекші ұлттық аспаптардан домбыра мен қобызда ескерілді. Іс-шара барысында балаларға қазақтың ұлттық ойындары мен салт-дәстүрді көрсеттік. Кішкентай бүлдіршіндеріміздің білек күшін сынға салып «Арқан тарту» ойынын ойнаттық. Сонымен

қатар, балалардың қолының икемділігі мен мергендігін бәсекеге түсіруге «Асық лақтыру» ойынын жүргіздік. Қазақтың көне ұлттық ойындарының бірі «Тенге алу» ойыны да ескерілді. Бұл ойынның ерекшелігі мен қиындығына қарамастан кішкентай азаматтарымыз өз заманына сай аттың құлағында ойнайтынын дәлелдеді. Ерте заманнан келе жатқан қазақ халқымыздың салт-дәстүрі нәресте дүниеге келгеннен басталатынын кішкентай балаларға насихаттауға «Бесікке бөлеу» дәстүрін өткіздік. Дүниеге келген сәбидің жолы ақ бол-

сын деп, тоғыз елдің қамын жесін деп, тоғызы түгел ұйқысы тыныш үстіне тоғыз жауып, әр заттың мән мағынасын түсіндіріп өттік. Нәрестені бесікке жатқызып соң, «Тышты ма?» салты өтті. Тышты ма? салты бойынша балалар қос-қостан тәтті алып билеп ән айтып өрнекше қуанды. Салт-дәстүрді өткізген сәтте көзінде нұры бар, езуінде күлкісі бар балаларды көргенде «Қуанса - бала қуансын» деп іс-шарамызды сәтті өткіздік.

«Жетісу облысының білім басқармасы» ММ Ескелді ауданының №12 ППТК» КММ

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді. Сонымен, «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген. Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік



корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын. Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады. Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет. Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» атты сервисі таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін

соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады. Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады. Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-расту арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады. Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет

алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет. «Комитеттің және оның аумақтық бақармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған. Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорация арқылы ғана алуға болады.

Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;
 - мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;
 - қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.
- Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар. Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӨМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.
- Серікжан МЕРЕЙХАН, ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Қаратал және Ақсу аудандары бойынша ҚСЖАЕА саласындағы заңдылықты бақылау жөніндегі аға прокуроры**

САЯСАТТЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ



Елімізде қиын-қыстау кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын бірлікке, бейбітшілікке, ынтымаққа шақырды. Президент еліміздегі саяси жағдайға тоқтала отырып, алдағы уақытта халқымыздың әлеуетін, экономикамызды көтеруге, жұрттың әл-ауқатын жақсартуға бағыт-бағдар берді.

Мемлекет басшысы болашақ міндеттер мен одан әрі дамудың жаңа перспективаларын белгіледі. Сонымен қатар Президент барын қалпына келтіруді жеке жауапкершілігіне алатынын, сол арқылы жаңа міндеттер мен реформаларды іске асыруға толық дайын екенін ерекше атап өтті. Президент ел дамуының барлық негізгі бағыттары бойынша іске асырылып жатқан жобаларға сыни және кешенді талдау жасады. Біз барлық бағдарламаларды, жобаларды, тіпті бірқатар ұйымдар жұмысының орындылығын қайта қарауымыз керек. Қазіргі уақытта алдымызда тұрған өте маңызды міндеттердің бірі – еліміз душар болған ауыр қасіреттің себептерін саралап, оның салдарына нақты, объективті баға беру. Бұл уақыт еншісінде. Жұмыссыздық, төмен жалақы мен жоғары табыстағы алшақтықтар сияқты басқа да әлеуметтік қиыншылық жағдайлардан туындаған наразылықтар, халық арасындағы толқулардың қай жағынан

болсын теріс салдарлары өте жоғары екенін анық көрсетті. Осыған байланысты өз үндеуінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ендігі кезекте еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алу қажеттігін ерекше атап көрсетті.

Біздің экономикалық саясатымыздың мақсаты айқын. Бұл – заман талабына сай әлеуметтік бағыт-бағдары бар нарықтық экономика құру және оны дамыту. Сондықтан кәсіпкерлікті дамыту үшін жүйелі жұмыс атқару өте маңызды фактор болып табылады. Осы тұста Президент әділ бәсекелестікті экономика үшін басты талап ретінде қолдап, бағаны ымыраласа отырып белгілеуге жол берілмеу керектігін баса айтты. Сәйкес құрылымдарға осы саладағы жұмыстарды ретке келтіруге, оны реформалау үшін кешенді ұсыныстар әзірлеуге тапсырма берді. Ел Президенті бизнесте кері әсер ететін бюрократиялық салмақты айтарлықтай азайтып, оның өсіп-өркендеуіне жол ашатын заңға қол қойды.

Президент еліміздің жаңа экономикалық саясаты алдағы кезеңде, ең алдымен, барлық қазақстандықтың өмір сүруі мен әл-ауқаты жоғары деңгейде болуын қамтамасыз етумен байланысты екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев осы мақсатта Қазақстан даму банкінің жұмыс форматын елдегі шағын және орта бизнесті

дамытуға көмектесетіндей қайта қарауды ұсынды. Жалпы, қазіргі уақытта Қазақстан қоғамы Мемлекет басшысының шешімдері төңірегінде топтасуы қажет. Біз бірге барлық қиындықты еңсеріп, көздеген мақсатымызға қол жеткізе аламыз.

Бұл орайда кәсіпкерлердің ел болашағы үшін өзіне зор жауапкершілік алуға дайындығы да аса маңызды. Кешеігі лаңкестік әрекеттер салдарынан шағын және орта кәсіпкерлердің зиян шеккенін көріп отырмыз. «Күшіміз – бірлікте!» деп, мемлекет кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы орта қалыптастырып, кәсіпкерлер қоғамға, халыққа қызмет етсе, бұл өз кезегінде елдің әл-ауқатын арттыруға, тұрмыс деңгейін көтеруге ықпал ететініне біз кәміл сенеміз.

Жалпы, қорыта айтқанда, еліміздің ұстанымы ынтымақты, бейбіт өмір сүру, ауызбіршілік, қоғамда халықтың рухани үйлесімділігін сақтау маңызды. Осы тұста Мемлекет басшысы: «Халықтың бірлігі, Қазақстанның егемен дамуы мен тәуелсіздігі идеяларына деген шынайы сенім қоғамның топтасуы мен еліміздің ілгерілеуі үшін қуатты іргетас», – деп қорытындылады. Осы негіздерді баса назарға алып, ертеңіміздің еңселі болуы үшін бірлігімізден ажырамайық.

Қ.ТАСТАНБАЕВ
Ескелді ауданының Құрметті азаматы

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА САНИТАРИЯЛЫҚ ТОРАПТАРДЫҢ ЖӘНЕ САНИТАРИЯЛЫҚ-АУЛАЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫҢ (САҚ) ТИІСТІ САНИТАРИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығының негізінде білім беру ұйымдарындағы санитариялық талаптарды, яғни ішкі дәретханаларды қалыптастыру санитариялық-эпидемиологиялық жағдайда ұстау бойынша төмендегідей талаптар сақталуы керек:

1. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге арналған унитаздар жабық кабиналарда орналастырылады, білім беру объектілерінің мектеп алды сыныптары үшін балаларға арналған унитаздар орнатылады.
2. Объектілердің санитариялық талаптарында унитаздар, қол жуатын раковиналар, қолды жууға және келтіруге арналған құралдар, қоқыс жинауға арналған қоқыссалғыштар орнатылады. Яғни, мектептердегі санитариялық талаптары кәріз жүйесіне қосылған болуы, қол жуатын раковиналардың жұмыс жағдайында болуы керек. Дәретханаларда жеке гигиенасын сақтау жағдайлары болуы керек, сұйық сабындармен, антисептиктермен, дәретхана қағазымен жабдықтылуы керек.
3. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесі болмаған жағдайда су жылытқыштар орнатылады. Ыстық және суық су қолжұғыштарға, араластырғыш орнатыла отырып, жүргізіледі. Сумен жылыту жүйесіндегі ыстық суды технологиялық және шаруашылық

тұрмыстық мақсаттар үшін пайдалануға жол берілмейді. Яғни, барлық санитариялық талаптардағы қол жуатын раковиналар араластырғыш арқылы ыстық суға, суық суға қосылуы керек. Ыстық суға су жылытқыштары орнатылуы керек.

4. Барлық үй-жайлар таза ұсталады. Дәретханаларды күн сайын дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып жинайды. Дәретханаларда еден, есік тұтқалары, кранның құлақтары, раковиналар және унитаздар күн сайын дезинфекциялауға жатады. Яғни санитариялық талаптарда тұрақты тазалау, залалсыздандыру жүргізілуі керек, қажет болған жағдайда күніне 2-3 реттен тазалануы керек.

5. Дәретханаларда желдету жүргізуге жағдай болуы керек, яғни механикалық түрде ауа сорып – шығаратын желдету жүйесімен жабдықтылуы тиіс, немесе ашылатын терезе болуы керек.

6. Үй жайларды ылғалды жинауды ұйымның техникалық персоналы жүргізеді. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді санитариялық талаптарды жинауға тартуға жол берілмейді.

7. Жинау жүргізу үшін нормалау құжаттарына сәйкес қолдануға рұқсат етілген жуу, дезинфекциялау құралдары пайдаланылады.

8. Дезинфекциялау ерітінділерін өндірушінің нұсқаулығына сәйкес ерітіндінің дайындалған күнін көрсете отырып, таңбаланған сыйымдылықтарда дайындайды. Дезинфекциялау және жуу құралдары және олардың жұмысшы ерітінділері білім алушылар мен тәрбиеленушілердің

қолы жетпейтін орындарда сақталады.

9. Жинау мүкәммалы (легендер, шелектер, щеткалар, шүберектер) таңбаланды және олар жекелеген үй-жайларға (санитариялық торап, медициналық пункт, ас блогының өндірістік үй-жайлары, тамақ ішетін залдар, рекреациялар, оқу кабинеттері, жатын бөлмелер, өндірістік шеберханалар) бекітіледі және арнайы бөлінген орындарда сақталады.

10. Барлық ұйымдардың санитариялық талаптары үшін жинау мүкәммалының белгілі таңбасы болады.

11. Кәріз жүргізілмеген жерлерде жылы санитариялық талаптар құрылғысына (75 адамға 1) және су құйылатын қолжұғыштарды (30 адамға 1) орнатуға жол беріледі.

Жылы санитариялық талаптарда жер үстіндегі үй-жайлары мен су өткізбейтін материалдан жасалған қазылған шұңқыры болады. Санитариялық талаптар жинау дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып күн сайын жүргізіледі. Қазылған шұңқырларды уақтылы тазалайды.

Е. СЕЙСЕМБИНОВ,
«Ескелді аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысы

Г. МҰСТАФИНА,
«Ескелді аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ бас маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер ер салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе –бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Біздің саламыз бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған келесі

жұмыстар атқарылған: Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының негізінде 2023 жылға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын алдын алу бойынша жұмыс жоспары құрылды. Жоспардың орындалуы басқарма басшысының қатаң бақылауда, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350 –VI ҚРЗ Кодексі Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 90 бап негізінде басқарма басшысының айына төрт рет азаматтарды қабылдау кестесі бұйрықпен бекітілді, азаматтарды қабылдау кестесі көрнекті жерде ілінді. Кәзіргі кезде рұқсат беру құжаттары толықтай электронды форматқа ауыстырылды. Мамандармен тексеру жұмыстары тек жыл басында бекітілген тексеру кестесіне сәйкес және арнайы есепке алу басқармасының рұқсатымен ғана жүргізіледі. Мекеме ғимаратында 8/72836/3-92-49 «сенім телефоны» жұмыс істейді.

Жоғары нәтижелерге қол жеткізу және қызметтің тиімділігін арттыру қызметті жүзеге асыру процесінде әрбір қызметкердің қолданыстағы заңнама нормаларын сақтауына тікелей байланысты. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әрбір мемлекеттік қызметшінің қоғам үшін де, өзі үшін де оның салдарын объективті бағалау міндеті екенін түсіну қажет.

Е. К. СЕЙСЕМБИНОВ,
Ескелді аудандық СЭБ басқарма басшысы
А. М. БАБАЕВА,
Ескелді аудандық СЭББ бас маманы

ҚЫЗЫЛША ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ



Қандай?
Қызылша инфекциясы кезеңі орта есеппен 7-21 күнге созылады. Содан кейін дене қызуының жоғарылауы мен (39-40°C дейін), әлсіздікпен, конъюнктивитпен, мұрынның ағуымен және бронхитпен бірге жүретін продромальды кезең басталады. Мұрынның ағуы және құрғақ жөтел, ұсақ дақты бөртпе пайда болады. Денедегі бөртпе әдетте аурудың 4-7-ші күнінде пайда болады және 3-4 күн ішінде басынан аяғына дейін кезең-кезеңімен таралады.

Қызылша - бұл егілмеген жағдайда, жасына қарамастан, әр адамға дерлік әсер ететін жоғары жұқпалы ауру. Қызылша вирусы негізінен жоғарғы тыныс жолдарының шырышты қабынуымен, терідегі бөртпелермен сипатталады.

Қызылша - бұл егілмеген жағдайда, жасына қарамастан, әр адамға дерлік әсер ететін жоғары жұқпалы ауру. Қызылша вирусы негізінен жоғарғы тыныс жолдарының шырышты қабаттарының бөлінісі арқылы (мысалы, түшкіру және жөтелу арқылы) беріледі. Қызылша ауруы аурудың бастапқы кезеңінде ең жұқпалы болып табылады. Науқас инкубациялық кезеңнің соңғы 2-3 күнінде (инфекцияны жұқтырған сәттен бастап симптомдардың дамуына дейінгі кезең) аурудың клиникалық көрінісі жоқ кезде басқаларға үлкен қауіп төндіреді.

Қызылшамен кім және қайда ауырады?
Көбінесе вакцинацияланбаған және науқастармен байланыста болған адамдар ауырады. Егер бұрын қызылша балалар инфекциясы деп саналса, қазір науқастардың негізгі үлесі – бұрын ауырмаған, қызылшаға қарсы екіпесі жоқ еңбекке қабілетті жас адамдарға келеді.
Қызылшаның клиникалық белгілері

Қызылшаның асқынулары
Қызылша ең алдымен ауыр асқынулармен қауіпті. Қызылшаның асқынуы әртүрлілікпен сипатталады, көбінесе тыныс алу жүйесі зардап шегеді: ларингит, отит, пневмония, бронхит дамиды. Ең ауыр асқыну - жүйке жүйесінің асқынуы (менингит, энцефалит) болып табылады. Ауыр асқынулар мен өлім қаупі 5 жасқа дейінгі жас балаларда және ересектерде жоғары.

Қызылшаның алдын алуы.
Қызылша-ауыруының жаппай таралуы жоспарлы уақтылы вакцинацияның арқасында тоқтатылды. Қызылшаның алдын алу-кез келген баланың денсаулығының маңызды құрамдас бөлігі. Вакцинацияның рөлін елеусіз қалдыруға болмайды: тиісті вакцинация болашақта осындай қауіпті аурудың алдын алады.

Е. СЕЙСЕМБИНОВ,
Ескелді ауданы бойынша СЭББ басшысы

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік қызметтерінің қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының

(алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің өртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады kgd.gov.kz (<https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web>);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда

жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылғы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу

жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және [Egov mobile](http://egov.kz) арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды өркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqog.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзінің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ұяғайлық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші

тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерінің 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Асхат ЖАҚСЫЛЫКОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Текелі, Ескелді және Көксу аудандарының аға прокуроры

АВАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР!

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 121 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 3 395 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 16,1% құрайды.

121 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы - 104, Текелі қаласы - 2, Ескелді – 3, Көксу – 3, Қаратал – 2, Панфилов - 7. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын,

өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттары пайдалану арқылы да жасалады.

Өлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция

қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғанды болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Али БАЛАБЕКОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
басқармасының қылмыстық
саладағы құқықтық ақпаратты
қалыптастыру прокуроры

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Қолданыстағы еңбек заңнамасында сыйбала с жемқорлық қылмыс жасаған адамдар үшін белгілі бір шектеулер қарастырылған.

Квзимемлекеттік сектор ұйымына жұмысқа тұру кезінде адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екені туралы анықтама ұсынуға міндетті.

Қазір квазимемлекеттік ұйымдарға жұмысқа орналастыруды шектеу барлық лауазымдарға қолданылады, бұрын бұл шектеулер басқарушылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күнді құрайды. Сондай-ақ қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін,



олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі» «телефон» бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

Айдын ТӨРЕБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу облысы бойынша Басқарма бастығы аға әділет кеңесшісі

СҰРАҚ-ЖАУАП: ПАЦИЕНТТЕР ТАЛДАУЛАР МЕН ЖОЛДАМАЛАРДЫ ҚАҒАЗ НҰСҚАДА ШЫҒАРУҒА МІНДЕТТІ МЕ?



Сіз ота жасатуға дайындалып және барлық тексерулерден өтіп жүрсіз, ал емханада бұл қызметтерді алу үшін жақын арада жазылуға мүмкіндік жоқ, сол себепті сізді ақылы тексерулерге жіберді ме? Басқа клиникада олар қағаз нұсқадағы жолдаманы көрсетуді талап етті ме? Егер сіз әскери қызметте немесе шетелде оқыған болсаңыз, МӘМС үшін қарызды төлеуіңіз керек пе? Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры халыққа медициналық көмек алу-ды жеңілдету үшін жиі қойылатын сұрақтарға жауап дайындады.

1-СҰРАҚ:

Маған жеке клиникада аяққа ота жасау жоспарланып отыр. Ол жерде отаны МӘМС есебінен жасауға болатынын айтты. Өз емханамнан өтуім үшін барлық қажетті тексерулердің тізімін берді. Бұл мүмкін бе? Ал мен емхананың өзімен жұмыс жасайтын кез-келген ауруханаға жіберетінін естідім. Мен жеке медициналық орталықтың кеңесіне құлақ асып, оларға өз емханам арқылы МӘМС аясында келе аламын ба?

ЖАУАП:

Иә, солай жасай аласыз. Бұл МӘМС жүйесінің ыңғайлы тұсы болып табылады, яғни медициналық қызметтерді алу үшін сіз медициналық ұйымды еркін таңдай аласыз.

Емхана өз пациентін медициналық қызмет алу үшін бірлесіп орындау шартымен жұмыс жасайтын медициналық ұйымға, сондай-ақ, пациенттің өзі таңдаған ұйымға да жібере алады. Ең бастысы - бұл клиника Қор жеткізушілерінің базасында болуы қажет.

Сіздің жағдайыңызда медициналық ұйым сізге МӘМС бойынша жұмыс жасайтынын және сізді жолдама бойынша қабылдауға дайын екенін растап отыр. Сіз өз емхананың барлық қажетті тексерулерден өтуге құқығыңыз бар және емхана сізге қажетті медициналық орталықты көрсете отырып, сізді «Ем-деуге жатқызу бюросы» порталында тіркейді.

2-СҰРАҚ:

Бірнеше күннен кейін мен өз емханамда күндізгі стационарға жатуым керек. Бірнеше талдауды жасап, флюорография және электрокардиограммалардан өтуім қажет. Талдауларды жасаттым, «флюораны» өттім. Бірақ, ЭКГ-ге жазыламын десем, тек екі аптадан кейін бара алады екенім. Осы тұста күндізгі стационарға үлгермейтінім ештеңе шешпеді. Олар ЭКГ-ны өз емханамда ақылы түрде өтуді ұсынды. Емхананың осылай жасағаны дұрыс па? Пациент не істеу керек?

ЖАУАП:

Медициналық ұйым белгілі бір медициналық қызметтерді көрсету үшін Қормен шарт жасаса отырып, өзіне оның талаптарын орындау бойынша міндеттемелерді алады. Қажетті

дәрігерлердің, жабдықтардың және басқа факторлардың болмауы пациентке медициналық қызмет көрсетуді ұсынбаудың немесе кешіктірудің объективті себебі болып табылмайды.

Бұл жағдайда, егер емхана сізге күндізгі стационарға жатқызу үшін қажетті ЭКГ қызметін уақтылы ұсына алмаса, сізді бірлесіп орындау шарты бойынша басқа медициналық ұйымға жіберуге тиісті.

Пациент медициналық көмек қол жетімді болмаған жағдайда «Пациенттерді қолдау қызметіне» немесе тікелей осы медициналық ұйымның басшылығына жүгіне алады.

3-СҰРАҚ:

Мені қалалық ауруханаға емханадан МӘМС бойынша бейінді дәрігердің қарауына жіберді. Бұған дейін мен өзімнің учаскемде барлық қажетті талдауларды тапсырдым. Бірақ дәрігер кеңес беру кезінде алдымен барлық нәтижелерді қағазға басып шығарып, содан кейін ғана қабылдауға келуімді сұрады. Ол «бұл жұмысты мен үшін жасамауы керек» екендігін, барлығын қағаз түрінде көрсету қажеттігін айтты. Осы тұста дәрігер маған қорытынды беруден бас тартпа ма? Егер менде медициналық ақпараттық жүйеге қолжетімділік болмаса (мен қарапайым телефонды қолданамын, онда арнайы мобильді қосымша жоқ) талдаулардың нәтижелерін қайдан аламын? Аурухана маңынан қағазға басып шығару қызметін қайдан іздеймін?

ЖАУАП:

МӘМС медициналық қызметін жеткізушілерге қойылатын талаптардың бірі - медициналық ақпараттық жүйелердің болуы. Бұл пациенттер алған барлық медициналық қызметтер электрондық форматта жазылатын ақпараттық жүйелер. Аталмыш медициналық жазбалар дәрігерлер мен пациенттерге қол жетімді.

Сіздің жағдайда МӘМС аясында медициналық қызмет көрсеткен дәрігер ақпараттық жүйеде өзіне қажетті барлық мәліметтерді көре алады және оларды қағазға басып шығарудың қажеті жоқ.

Мұндай даулы жағдайларда медициналық ұйымның «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгіну керек.

Айта кетейік, пациент өзі пайдалану үшін немесе басқа клиникаларға ұсыну үшін қажет болса (мысалы, өздігінен жүргінен кезде), өз емханасында барлық сараптамаларды басып шығаруды сұрауға құқылы.

4-СҰРАҚ:

Біздің емханадағы аппарат бұзылып қалғандықтан, рентгенге басқа емханаға жіберді. Оларға телефон арқылы қабылдауға жазылсаңыз, қағаз түріндегі жолдамасыз қабылдамайтындарын бірден ескертті. Ал емхана оның электронды базада көрінетіндігіне сілтеме жасай отырып, жолдаманы қағазға шығарып берген жоқ. Егер олар қабылдаудан бас тартса, не істеймін?

ЖАУАП:

Бұл алдындағы жағдайға ұқсас. Пациентті бірлесіп орындау шарты бойынша басқа клиникаға жібереді. Олар жолдаманы онлайн көре алады, бірақ ақпараттық жүйелердің интеграциясы күнбе күн болмай қалуы мүмкін. Сол себепті, мұндай жағдайларда емхана пациентті жедел қабылдау үшін жолдаманы қағаз түрінде көрсетуді сұрайды.

5-СҰРАҚ:

Менің ұлым 2021 жылдың соңы мен 2022 жылдың соңы аралығында әскери қызметте болды. Жақында емханаға барсақ, ол жерде медициналық көмек көрсетуден бас тартты және әскерде қызмет еткен уақытындағы МӘМС үшін қарыздарын төлеуді талап етті. Бірақ, мен оның ол кезде жеңілдік санатына кіргенін және мемлекет жарна төлеуі керек дедім. Осы жағдайда не істеу керек?

ЖАУАП:

Сіз дұрыс айтасыз, ҚР Қарулы күштерінде мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңі МӘМС жүйесінде жеңілдікті санат болып табылады. Әскери борышын өтеуші жарналар мен аударымдар жасамауы керек. Сарбаздар туралы деректерді қорғаныс органдары жібереді. Егер қандай да бір себептермен мәліметтер уақтылы жіберілмей қалса, берешек пайда болады.

Бұл жағдайда сіздің ұлыңыз Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басшылығының атына берешекті жою туралы өтініш жазып, әскери билеттің сканерленген нұсқасын тіркеп, қызмет өткеру мерзімін растау арқылы, оны мына электрондық мекен-жайға жіберуі керек: kanc@fms.kz.

Егер сіз берешекті төлеген болсаңыз, онда egov.kz мемлекеттік қызметі арқылы қате төленген жарналарды қайтаруға өтініш бере аласыз.

6-СҰРАҚ:

Мен ресми түрде жеке компанияда жұмыс жасаймын. Мен үшін МӘМС-ға аударымдар мен жарналар жасалынады. Бірақ, мен жақында сақтандырылмағандымды білдім. Telegram-дағы Saqtandyr-bot арқылы ЖСН бойынша тексеру кезінде мен шетелде оқыған кезеңнің бір бөлігі үшін қалыптасқан берешекті көрдім. Неліктен қалған оқу жылдары қарыз ретінде шықпайды? Мен не істеуім керек, осы көрсетілген айлар үшін төлем жасауым керек пе?

ЖАУАП:

Егер сіз шетелде күндізгі оқу бөлімінде оқысаңыз, онда осы кезеңде сіз халықтың жеңілдік санатында болдыңыз және сіз үшін МӘМС-ға мемлекет жарна төледі. Шетелде оқитын студенттің деректері ақпараттық жүйеде көрсетілуі үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі egov.kz электрондық үкімет порталының «Шетелде оқитын студенттерді тіркеу» бөлімінде растайтын құжатты (оқу орнын анықтама) қоса беру арқылы өтініш беру қажет болды. Әр семестрде жанарту жүргізіледі. Шамасы, сол кезеңдердің бірінде сіз оқуды жалғастырағыңызды растамағансыз және мемлекет сіз үшін жарналарды төлемеген.

Қазір оқу кезеңіндегі берешекті өтеудің қажеті жоқ. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басшылығының атына kanc@fms.kz пошта арқылы оқу кезеңіндегі берешекті жоюды сұрап, мемлекеттік немесе орыс тіліне аудармасы бар білім туралы құжатты қоса бере отырып, өз қолыңызбен жазылған өтінішті жолдау қажет.

Тексеруден кейін берешек жойылды. Егер қалған кезеңдерде жарналар мен аударымдар төленген болса, сіздің мәртебеңіз «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» болып өзгереді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС



Тарих беттерін парақтасақ, сыбайлас жемқорлық атты қоғамның бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат пайда болса, сол жерге тамыр жайып бүгінге дейін жойылмай жетті. Басқа дамушы елдер сияқты жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ.

Атаулы індетке қарсы күрес-тоқтаусыз нәтижелі процесс. Сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін жауаптылық нормаларының қолданылмауы, абсолютті көрсеткіш болып табылмайды. Оған қарсы күрестің болмауы сыбайлас жемқорлықтың өзінің болмауымен бірдей. Сыбайлас жемқорлықтың тамырына үңілгенде бұл мәселенен шығудың жолы жоқ деген сезім тұмауы керек.

«Ең бастысы-әрбір мемлекеттік құрылыстың жанындағы істі, лауазымды тұлғалар пайдаға батпайтындай етіп қою керек». Бұл пікірді Аристотель айтқан. Ол уақыттан бері екі мың жарымдай жыл өтті, бірақ ең зұлым әлеуметтік жауыздық-сыбайлас жемқорлықты құрту адамзаттың әлі де қолынан келмеуде.

Соңғы уақытта Қазақстанда сыбайлас жемқорлықтың «тамырын» шабуға бағытталған жұмыстар молынан атқарылып жатыр. Мемлекеттік қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін орындаудағы жауапкершіліктерін арттыру шаралары қолданылуда. Бірақ, қоғам мен

мемлекеттің мүмкіндіктерін біріктіретін, сыбайлас жемқорлық қылмыстарды ескертетін жаңа тұжырымдық үлгіні дайындауда талдаулық, ұйымдастырушылық және насихаттау жұмыстарын қолға алу қажет. Сыбайлас жемқорлық-лауазымды тұлғалардың жеке басының пайдасы үшін билік құзиретін асыра пайдалануын білдіретін термин. Бұл термин бюрократтық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбыласқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Кез келген уақытта, қоғамда және мемлекетте сыбайлас жемқорлық әрекеттері және ол әрекеттермен күрес жүргізілген. Қазіргі қазақ қоғамындағы өзекті тақырыптардың бірі - сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Елдің дамуы мен әлеуметтік-экономикалық ілгерілеу жолындағы маңызды қадамдардың бірі - сыбайлас жемқорлықты жеңу. Бұл проблемаға бүкіл әлемде үлкен көңіл бөлінетіні кездейсоқ емес. Ескелді ауданының статистика бөлімі осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ұстанады және жұмыс барысында басшылыққа алады.

Н.О.ЕСЕЛБАЙ,
Ескелді ауданының статистика бөлімінің басшысы

АРАЙ БІЛІМ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

**-МЕКТЕП АЛДЫ ДАЯРЛЫҚ;
-БАСТАУЫШ СЫНЫП
ТҒБ, БЖБ;
-КӨРКЕМ ЖАЗУ;
-АҒЫЛШЫН ТІЛІ;
-ОРЫС ТІЛІ;
-ҮБТ РА ДАЙЫНДЫҚ;
-НЗМ; КТЛ; 20,24 ЛИЦЕЙ-Е
ДАЯРЛАУ.**

**БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ:
87474287029**

**ҚАРАБҰЛАҚ АУЫЛЫ,
БАЛПЫҚ БИ К-СІ, 109**

УЧЕБНЫЙ ЦЕНТР «АРАЙ БІЛІМ»

**-ПОДГОТОВКА ЕНТ;
-ПОДГОТОВКА В НИШ,
КТЛ, 20, 24 ЛИЦЕЙ;
-ПОДТОВКА К ШКОЛЕ;
-НАЧАЛЬНАЯ ШКОЛА;
-АНГИЙСКИЙ ЯЗЫК;
-РУССКИЙ ЯЗЫК;**

**ОБРАЩАТЬСЯ ПО НОМЕРУ:
8 747 428 70 29**

**П. КАРАБҰЛАҚ,
УЛ. БАЛПЫҚ БИ, 109**

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы
НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru
Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген. Регистративное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспахана-насында басылады. Баспаханың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 97 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции. Компьютерная верстка Е.ЖИРНИКОВА.